



Қармақшы ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 тамыздағы № 314 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 қыркүйекте № 5604 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 986 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 12.07.2019 № 986 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қармақшы ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қармақшы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданының әкімі

С. Мақашов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қармақшы аудандық

мәслихатының хатшысы

М.Наятұлы

"23" тамыз 2016 жыл

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "23" тамыздағы
№ 314 қаулысына қосымша

Қармақшы ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері

№	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары	Тарифтік бағасы (теңге)
1	Жосалы кенті – Т.Көмекбаев ауылы	800
2	Жосалы кенті -Алдашбай ахун ауылы	500
3	Жосалы кенті - III-Интернационал ауылы	300

4	Жосалы кенті – Дүр-Оңғар ауылы	300
5	Жосалы кенті - Иіркөл ауылы	200
6	Жосалы кенті - Тұрмағанбет ауылы	400
7	Жосалы кенті -Төретам кенті	300
8	Жосалы кенті - Қармақшы ауылы	250
9	Жосалы кентінің №1, №2, №3 маршруттары	60
10	Жосалы кентінің №1, №2, №3 маршруттары (6 жастан 17 жасқа дейінгі балалар үшін)	30

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК